

Am

offen

Мектеп директоры А. Абжалелова

«31» тамыз 2023 жыл



КЕШЕНДІ ЖОСПАР

Оқу жылы : 2023-2024

Мектеп : «№69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Облыс, қала, ауданы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - айтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жаксылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұяғты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігінің ғайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадрлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққа ғайратын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командалық жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Үшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	1-11 сыныптар	сынып сағаты	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштікжәне Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	01.09.23

2	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	08.09.23
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	ҚР Ішкі істер министрлігі, жол полициясы	15.09.23
4	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары/сценарийі	ҚР Мәдениет және спорт министрлігі;	22.09.23
5	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс Ата-ана жиналысы	Сыныптан тыс шараның жоспары, ата-аналар жиналысының хаттамасы	ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары	29.09.23

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1-қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары;
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, акын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
КҮНДІЛІКҚАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Сынып жетекші	01.09.23
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	08.09.23
3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, ата-ана	15.09.23
4	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес:	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	22.09.23

	«Мектеп спорты апталығы», «Спортоғайындары күні» спорттық акция			
5	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	29.09.23

ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мүғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көбеевтің туғанына 165жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойышысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Сынып жетекші, кітапханашы	06.10.23
2	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	13.10.23
3	«Бес нәрсеге асықбол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, ата-ана	20.10.23
4	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рий	Сынып жетекші	27.10.23

ҚАРАША – Поэзия айы

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	03.11.23
2	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	10.11.23
3	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	Сынып жетекші, ата-ана	17.11.23
4	«Мейірімділік керуені»	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	24.11.23

ЖЕЛТОҚСАН – «Қазақстан - Ұлы дала елі»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	01.12.23
2	«Женісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	08.12.23
3	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рий	Сынып жетекші, ата-ана	15.12.23
4	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық,	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	22.12.23
5	«Көк тудың желбірегені» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	29.12.23

ҚАҢТАР айы – ҰЛТТЫҚ КОД айы

➤ Қысқы демалыс

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	12.01.24
2	«Мен оқыған біріртегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	19.01.24
3	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сыныптан тыс-с-шараның жоспары/сценарийі	Сынып жетекші, ата-ана	26.01.24

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	02.02.24
2	«Мақал – сөздіңазығы, жұмбақ – ойдыңқазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	09.02.24
3	Оқуға құштар мектеп челленджі («Балалар кітапханасы» жобасы)	Сыныптан тыс-с-шараның жоспары/сцена рий	Сынып жетекші, ата-ана	16.02.24
4	«Мектептегі мінез-құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	28.02.24

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ізгіліктің бір ізі -алғыс айту» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	01.03.24
2	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	08.03.24 07.
3	«Сәлем сөздің патшасы»	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рий	Сынып жетекші, ата-ана	15.03.24
4	Ұлттық өнер көрмесі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	29.03.24

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	05.04.24
2	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	12.04.24
3	«Гиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Сыныптан тыс-сәуірінің жоспары/сценарийі	Сынып жетекші, ата-ана	19.04.24
4	«Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жасөспірім» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	26.04.24

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)				
1	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші, кітапханашы	03.05.24
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	10.05.24
3	«Менің гүлзарым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рий	Сынып жетекші, ата-ана	17.05.24
4	«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	24.05.24